

«Аккредиттеу және
рейтингтің тәуелсіз
агенттігі» КЕМ
директорының 02.11.2012
№15-12-ОД бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНЕ
АРНАЛҒАН МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУДІ ӨТУ ҮШІН
АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
ҰСЫНҒАН ШЕКТІ ТАЛАПТАР**

Аккредиттеу рәсіміне өтініш бергенде және оны одан әрі өтуде Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз Агенттігі оқыту бағдарламаларына қойылған келесі шекті талаптарды ұсынады:

- 1) Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелеріне толық, сонымен қатар аккредиттеуге берілген оқыту бағдарламаларына, білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін мемлекеттік лицензияның және оның қосымшасының болуы;
- 2) Техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің білім беру нарығындағы 4 жылдан кем емес білім беру қызметі реализациясының болуы;
- 3) Аккредиттеуге ұсынылған оқыту бағдарламалары бойынша оқушылардың болуы;
- 4) Түлектің болуы және/немесе оқушыларды оқу тапсырысы бойынша және/немесе орындалып жатқан оқу бағдарламасы аясында оқушылар контингентін дайындау;
- 5) Техникалық және кәсіптік білім беру мекемесінің ішкі сапаны басқару жүйесінің болуы;
- 6) Техникалық және кәсіптік білім беру мекемесінің және аккредиттеуге ұсынылған оқу бағдарламаларының дамуын регламенттейтін стратегиялық құжаттардың болуы
- 7) Техникалық және кәсіптік білім беру мекемесінің сайтының және аккредиттеуге ұсынылған оқу бағдарламалары туралы ақпараттың болуы;
- 8) Әкімшілік құқық бұзушылық туралы әрекеттегі актілердің болмауы.